


ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ
28 ҚАЗАНЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

№ 1 (60)
28 қаңтар 2015 жыл



**Гендерлік саясат
немесе еркек пен
әйел тең бе?**

2-бет

sms

Павлодар жастарының газеті

Кемеңгер әмірші - Жәнібек

3-бет

**МУСТАФА
ӨЗТҮРІКТІҢ
ШАКІРТІ,
ТАЭКВОНДОДАН
3 ДҮРКІН ӘЛЕМ
ЧЕМПИОНЫ**

Исатай Шотжанұлы:

*Мұстафа ағала қазақ тілінде жаттығу
жүргіземін деп сөз бердім*

4-бет



Оқушылар мен Студенттер назарына!

**Егер Сен журналистиканың жұлдызы болғың келсе, қолыңа
қалам ал. «Жас қалам-2015» байқауында бағыңды сынап көр.**

Байқау интервью, хабарлама, зерттеу мақаласы, әлеуметтік сауалнама, «Менің сүйікті университетім» тақырыбын арқау еткен көркем-публицистикалық материал бағыттары бойынша үздік журналистерді, үздік педагог-журналистерді және үздік ақындарды анықтайды. Ал үздіктер С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің 55 жылдығы қарсаңында марапатталады.


😊 Байқаудың Бас жүлдесі иегеріне планшет.

😊 Бірінші орын иесіне сыйымды-
лығы 500 тб қатты диск.

Екінші орын үшін 320 гб
қатты дискі.

Үшінші орынға 100 гб қатты дискісі табыс етіледі.

😊 Байқауда көзге түскен әрбір
үздік материалдар сый-сыйапатсыз қалмайды.
Үздік деп танылғандарға флеш-жады сыйға тартылады.



Байқауға өткізілетін материалдар С.Торайғыров атындағы ПМУ медиаорталығының 230 кабинетіне электронды нұсқада немесе smsplus@mail.ru электронды мекен-жайға тапсырылады. Байланыс телефонымыз: 67-36-48, ішкі 12-74.



«SMS+» жастар газетінің 2015 жылдың алғашқы нөмірінен бастап С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің «Насихат» саяси – құқықтық клубының қызметі мен клуб мүшелерінің сараптамалық жұмыстарын «Насихат» айдарында жариялап отыруды жөн көрдік. Бүгінгі санда «Насихат» клубы қоғамдағы ер жігіттер мен қыздардың арасындағы көшбасшылықты анықтауға тырысады. Көшбасшылық кімнің қолында?

ГЕНДІРЛІК САЯСАТ немесе ЕРКЕК ПЕН ӘЙЕЛ ТЕҢ БЕ?

Әйел туралы сөз қозғау әрі оңай әрі қиын. Әйел – инатты қыз, қылықты қарындас, сүйікті жар, аяулы ана, асыл әже. Ал биліктегі әйелдердің бейнесі қандай екенін анықтап көрейік.

Көшпелі қазақ елі әйелдерді әлімсақтан бері жоғары бағалаған. «Еркек – түздің адамы, әйел – үйдің қамы» демекші еркектің миссиясы – отбасын асырау, ал әйелдікі – дүниеге бала әкеліп, дұрыс тәрбие беру. Соңғы кезде қоғамымызда «гендерлік саясат» деген ұғым пайда болды. Гендерлік саясат бұл – өмір құндылықтарының барлық саласына қатысты ер мен әйел арасындағы теңдік орнатуға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық іс-әрекеттер. Яғни, гендерлік саясат еркек пен әйел арасындағы теңдік үшін қажет. Негізінен бұл ұғымның шығу тегі батыс жұрты болса керек. Ол жақта XIX ғасырға дейін әйелдерді адам құрлы көрмейтін. Нәтижесінде батыс әйелдері осындай бассыздыққа шыдамай көтеріліске шығады. Содан XX ғасырда «гендерлік саясат», «феминизм» терминдері пайда бола бастады.

Мүмкін бұл саясат батыстықтарға шынымен де керек болған шығар. Ал қазақтарға қаншалықты қажет еді? Бірақ, бұл ұғым желдей есіп, барлық мемлекетте өз орнын тауып, қазақ елін де айналып өтпеді. Тіпті Қазақстан Республикасының құзырлы органдары бұл саясатты орнатпақ болып көп тер төкені белгілі. Мысалы, «Әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі Пекин тұғырнама-сы, БҰҰ Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенциясы, әйелдердің саяси құқықтары туралы конвенция, тұрмыс құрған әйелдердің азаматтығы туралы конвен-

ция, ДЕҰ-ның 1951 жылғы №100 ерлер мен әйелдердің тең құқылы болу, еңбекте тең сыйақы алуы туралы конвенциясы және тағы басқа осындай халықаралық келісімшарттар аясында отбасына, әйелдер мен ерлердің теңдігіне қатысты кешенді мемлекеттік саясатты жүзеге асыру» осыған дәлел. Оған қоса ҚР Конституциясының «Адам және азамат» бөлімінің 14 бабында: «Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дініне, көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды». Бұл жерде әйелмен еркек, тіпті барлық адамдар бір-бірімен тең екені көрсетілген...

Батыстан келгеннің бәрі жақсы деуге болмас. Көпке топырақ шашпайын, бірақ, қыз-келіншектеріміз қазақтың түсіне де кірмеген бейнеде киініп, бірі еркектерден кем қалмаймыз деп көлік жүргізіп, бірі бұрқыратып улы түтінді жұтқандарына көз үйренді. Ал сол жақтан жеткен гендерлік саясаттың «Қандай жағымсыз жақтары бар?» немесе «Гендерлік саясат қазақтарды қайда апарарды?» деген сауалдар санамызда сан күдік туғызып отыр. «Екі кеменің басын ұстаған суға кетеді» демекші әйелдерде қазіргі қоғамға сай екі таңдау бар: не тұрмысқа шығып, отбасының сүйіспеншілігіне бөлену, не бәрін қойып мансап (карьер) қуу. Өкінішке орай соңғы кездегі статистикалық мәліметтерге сүйінсек «кәрі қыздардың» саны бойдақ азаматтарға қарағанда әлдеқайда көп екен. Сонда халқымыздың демографиясы қалай өспекші?

«Жұмақтың кілті – ананың аяғының астында» деп әйелдердің дәрежесін аспанға асқақтатқан мұсылман жұртының Пайғамбары Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с.) үметіміз. «Мен Пайғамбардан (с.ғ.с.): «Я, Расуллұлаһ, жақсылықты алдымен кімге істеймін?» – деп сұрағанымда, Ол (с.ғ.с.): «Анаңа!», – деді. Одан кейін ше? – Анаңа! Ал, одан кейін ше? – Әкеңе. Әкеңнен кейін жақындық дәрежесіне қарай туысқандарыңа (Хадисті Әбу Басымнан (р.л.ғ.) Имам Бухари риуаят етті). Міне, аналарды қаншалықты қалай қадірлеу керектігін айтқан.

Ата – бабаларымыз: «Ана – бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербетеді» – деп айтып кеткен. Егер тарихымызға көз жүгіртсек, батыр аналарымыз да аз болмаған. Сонау түркілердің әйел патшасы – Томирис пен Замира, Ұлы Отан соғысында ерекше ерлік көрсеткен Алия мен Мәншүк, 1986 жылғы «Желтоқсан оқиғасына» ержүректігімен көзге түскен Ләззат пен Сәбира секілді батыр қыздарымызды айтып кетпеске болмас.

Сөзтүйін. Қалай десек те, гендерлік саясат қоғам, уақыт талабы. Әйтсе де, әйелдердің басты мақсаты – перзент сүю екенін ұмытпаса игі. Әйелдер биліктің тұтқасын ұстайтын мықты азаматтарды дүниеге әкеліп, елін, халқын ойлайтын ибалы қыз, иманды ұл өсірсе қазақ үшін одан асқан қандай саясат болуы мүмкін?



Насихат СКҚ төрағасы Бексұлтан Қабышев

Насихаттың белсенділері «Гендерлік саясат немесе еркек пен әйел тең бе?» деген сауалды жастар пікірталасына салды



Лаура Мұхитова, ПМПИ студенті

Мен гендерлік саясаттың біздің мемлекетте орын алуына қарсы емеспін. Бұл бір жағынан заман талабына сай болса, екінші жағынан әйел адамдардың өз құқықтарын дәлелдеп, мүмкіндіктерін жүзеге асыруға көмектеседі. Алайда, осы саяси іс-әрекет дұрыс деп әйел адамдар бар өмірін жұмысқа, өз дәрежесін көтеруге арнамау керек. Бұрыннан қалыптасқан нәзік жандылардың ана, қыз, қарындас ретіндегі рөлі мен олардың өмірде алатын орны қаншалықты маңызды екенін ұмытпаған жөн.

Ержігіт Тағай, ПМУ студенті



Жаратылыс тұрғысынан әйел мен еркек тең емес. Әрқайсысы өзіне тән қасиеттерімен ерекшеленеді. Егер бір-бірінен ешбір айырмашылығы жоқ өзара тең жаратылыс болғанда, Алла тағала еркек-әйел етіп бөліп жатпай, бәрін біркелкі әйел немесе еркек етіп жаратар еді ғой. Еркек пен әйел үнемі табиғатындағы өздеріне тән ерекшеліктерімен екеуі бірін-бірі толықтырып отырады. Қазақ «Екі жарты бір бүтін» дегенді бекер айтпаған. Ана деген мейірімділігі шексіз – әйел, жаратылысынан мейірімділігі бала тәрбиелеу үшін берілген. Елді басқаруда тек қана мейірімділік аздық етеді. Ал Әке жаратылысы қаталдығымен, батылдығымен ерекшеленеді. Қазақ: «Ананың тілі атаның күшінде» дегенді бекер айтпаған. Мұндағы, Атаның күші деген – саясат, бизнес т.б. Әр нәрсенің өз орны бар деген сөз бар қазақта.



Амангүл Тілей, ПМУ студенті

Қазіргі қоғамда «әйел мен еркек тең бе?» деген сауалдар қаптап кетті. Саяси тұрғыдан алып қарасақ, қазір әйел адамдар саясатқа көп араласуда. Содан болар еркек істейтін жұмыс әйелдердің де қолынан келеді деген қағида қалыптасып алған. Шындығында, әйел мен еркек еш уақытта тең бола алмайды. Неге десеңіз, Аллаһ Тағала әуел бастан әйел мен еркекті тең жаратпаған. «Еркек үйдің егесі, әйел үйдің шегесі» деп бекер айтпаған қазақ. Тағы да, «Ана – бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» дейді дана халқымыз. Мейлі тербетсін. Бұл дегенім әйел адам ештеңе істей алмайды деген сөз емес. Ананың қолынан бәрі келеді. Бірақ сонда да еркек әйел адамнан бір саты жоғары тұруы қажет.

Динара Мұсабаева, ПМУ студенті

Әрине бұл саясат бізге керек. Әйелдер мен ерлер тең қатарлы жұмыс атқару, ана мен баланың жағдайын түзеу, ерлер тарапынан әйелдерді ұрып-соғуды болдырмау деген мәселелер үшін қажет деп есептеймін. Бұл феминизм емес, мемлекет жүргізіп отырған саясат қой. Мұсылман дініне сай әйел бастық болмауы керек дейді. Сондықтан, ел тізгінін ұстайтын ерлер бастық болғаны дұрыс. Ал облыс әкімі және президент сынды лауазымдарға әйел тағайындалмағаны дұрыс. Бізге гендерлік саясат жүргізу туралы бұйрық келді, амал жоқ жүргізетін еліміз ғой.



Әділет Мейірманов, ПМУ студенті

Әрине жаратылысынан тең емес! Бірақ қазақ қызы әрқашанда өз орнын білген ғой. Қазақ тарихын зерделесек, сан ғасырлар бойы ерен ерлігімен, асқан парасатымен елді басқарған әйел адамдар аз емес. XXI ғасыр – білімділер ғасыры болғандықтан, еркек және әйел деп бөліп-жармаймын. Еліміз өркендеп, тыныштықта өмір сүретін болсақ, біз үшін одан артық не керек. Сондықтан айтарым, қыздар өз орнын біліп, төске өрмелемей, қазақы дәстүрден аттамайтын болса, бұл туралы сөз қозғап та керегі жоқ.



КЕМЕҢГЕР ӘМІРШІ - ЖӘНІБЕК

Биыл ел болып Қазақ хандығының 550 жылдығын халықаралық деңгейде тойламақшымыз. Қазақ хандығының мерейтойын атап өту қарсаңында қазақ халқын билеген хандар туралы жариялауды жөн көрдік. Тарих сүрлеуінде көмескеленіп қалған еліміздің ұлы тұлғаларын жария етуді газетіміздің алдыңғы сандарынан бастап көттік. Бүгінгі әңгіме Қазақ халқының тарихи санасында есімі аса құрметпен ескерілетін хандардың бірі, Қазақ хандығының негізін құрушы – Жәнібек хан туралы болмақ. Көршілес халықтардан шыққан тарихшылар ол туралы үзік-үзік деректер берсе, халық ауыз әдебиеті оның тарихи бейнесін бес ғасырдан астам уақыт бойы сақтап келген.

Дана да дара, қайсар да қайтпас мінезді хандар мен патшалар, сұлтандар мен билер халық есінде ұмытылмай ғасырлар сарынынан бүгінгі күнге дейін жеткен. Олар билік құрған кезеңдерде елдік тұрғысынан маңызды оқиғалар мен өзгерістер өтіп жатты. Дәл бүгін олардың ұрпақтары ел басқарған тұлғалардың істеріне баға беріп, олардың кемеңгерлігі мен даралығын мадақтаймыз.

Жәнібек хан туысы Керей ханмен бірлесіп Қазақ хандығының негізін қалаған. Міне, Жәнібек хан туралы көпшілігіміздің білетініміз осы ғана. Дегенмен, тарихи деректерге сүйене отырып жазған тарихшылардың мақалаларын, бес ғасырдан бергі уақыт сүрлеуімен жеткен аңыз-әңгімелерді қарастырып көрелік.

Жәнібек ханның есімі ортағасырлық жазба деректерде хандар шежіресіне байланысты, Қазақ хандығының негізін қалаушы ретінде және кейбір шығармаларда Қасым ханның әкесі ретінде кездеседі. Оның тікелей өмірі жайында ешбір жазба дерек жоқ. Ол – Ақ Орданың соңғы ханы, атакты Барақ ханның Мір-Сайд, Мір-Қасым атты ұлдарынан кейінгі кіші ұлы. Сол себептен болу керек, XVI-XVII ғғ. қазақ тарихшысы Қадырғали би Жалайыр оны «Кіші Жәнібек хан» деп ауызына алады.

ХАН ӘУЛЕТІНІҢ ШЕЖІРЕСІ

Жәнібек ханның аталары Дешті Қыпшақтың белгілі тұлғалары. Ол әулеттен хандық билік үзілмеген. Жәнібек ханның Орыс ханға дейінгі аталары: Барақ пен Қойыршақ хандар – Ақ Ордада хан болған тұлғалар. Барақ хан XV ғасырдың жиырмамыншы жылдарында Ақ Орда мен Алтын Ордада хан болған. 1426 жылы Сыр өңірі үшін күресте Мауереннахр билеушісі Ұлығбекті Сығанақ түбінде жайратып салады. Атасы Қойыршақ хан 1391-1395 жылдары Ақсақ Темір мен Тоқтамыс хан арасындағы соғыстарда алғашқы билеушінің жағында болады. Сол себепті де ол Тоқтамыс хан Алтын Ордан қуылғаннан соң, Дешті Қыпшақта хан болады. Хайдар Разидың жазуына қарағанда Жәнібек ханның атасы хандықта ұзақ отырмаған. Ал үшінші атасы Орыс хан туралы деректер көп. Ол 1361-1378 жылдары Ақ Орда мен Алтын Ордада хан болған.

ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, тарих, археология және этнология факультеті, Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, т.ғ.д. Б. Кәрібаев өзінің мақаласында былайша өрбітеді. «Орыс ханнан Шыңғыс ханға дейінгі хандар шежіресі деректер мен оларға негізделген зерттеулерде екі түрлі түсіндіріледі. «Тауарихи гузида-ий нусрат нама» мен Әбілғазының «Түрік шежіресінде», «Шыңғыс хан – Жошы хан – Тоқайтемір – Өзтемір – Хожа-Бадық (Бадағұл) – Орыс хан» делінсе, Натанзидың «Ескендірдің Анонимі» бойынша «Орыс хан – Шымтай – Ерзен хан – Сасы Бұқа» – деп өрбітіледі. Рашид ад-диннің «Жами ат-тауарихында», «Сасы Бұқа – Баян – Қоныша – Сартақтай – Орда

Ежен – Жошы хан және Шыңғыс хан» деп баяндалады. Бірінші деректе Жәнібек хан – Шыңғыс ханның ең көнже ұлы Тұхай Темірден таратылса, екіншісінде ең үлкен ұл Орда Ежен ұрпағы деп көрсетілген».

Ата жолын қуған Жәнібек хан XV ғасырдың ортасынан бастап Дешті Қыпшақтағы жаңа мемлекеттің, «Қазақ» хандығының негізін қалап, оны билеушілердің бірі болады.

АТАСЫНЫҢ ҰЛЫСЫН БИЛЕДІ

Жәнібек хан шамамен XV ғасырдың басында дүниеге келген. Сол ғасырдың 50-60-шы жылдары туысы Керей екеуі Орыс хан ұрпақтарының ішіндегі ең үлкені болатын. Тарихшылардың айтуынша Жәнібек ханның есімі Қазақ хандығының негізін қалағанға дейін еш деректерде кездеспейді. М.Елеуұлының «Шу өңірі: аңыз бен тарих» еңбегінде Жәнібек хан әкесі Барақ хан қайтыс болғаннан соң, 1428-1457 жылдарда Сыр өңірінде ұлыс басқарған деп жария етеді. Аңыз дерегін жазба дерек мәліметі де қолдайды. Р.Сыздықова мен М.Қойгелдиевтің еңбегінде Қадырғали Жалайырдидың мынандай сөздері кездеседі: «... Бұл Жәнібек хан атасының ұлысын биледі».

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Қазақ хандығын құру жолында екі ханның атқарған істерін бөле-жарып айту мүмкін емес. Тарихшылар хандықтың құрылу кезеңінде екі ханды үнемі бірге айтады. Біз бұған дейінгі Керей хан туралы жазылған мақаламызда хандықтың қалай, қашан құрылғандығын айтқанбыз. Оны қайта тізбектемей, тікелей Жәнібек ханның атқарған еңбегі туралы айтсақ. Қазақ хандығының құрылу кезеңінде Керей мен Жәнібектің Әбілқайыр ханнан бөлініп, Моғолстанға келуі және хандық құрып, 1461-1462 жылға дейінгі, яғни Есенбұға хан қайтыс болғанға дейінгі аралық жатады. Бұл кезеңде Қазақ хандығы әлі толық, дербес хандық емес еді. Моғолстанның батысында орналасып, оның батыстағы «қорғаны» рөлін атқарды. Хандықтың халқы «өзбек-қазақ» этнонимімен аталынды. Әбілқайырға наразылар есебінен хандықтың халқы артты. 1458 жылдан 1462 жылға дейін Қазақ хандығының арқасында Есенбұға хан билігіне Жүніс те, басқа біреу де қауіп төндіре алмады.

ЖӘНІБЕКТІҢ ХАНДЫҚ ТҰҒЫРЫ

Хандықтың құрылуының алғашқы кезеңдердегі жылдарында Керей мен Жәнібек хандар бірге айтылып, соңғы кезеңде тек Жәнібек ханның есімі деректерде жалғыз кездеседі екен. М. Елеуовтың жариялаған тарихи деректеріне қарағанда Керей хан он жылдай билік құрып,

Хантауда жерленген. Т.ғ.д. Б. Кәрібаев өз мақаласында Керейден соң хандыққа Жәнібектің келуі ата дәстүріне сай жүзеге асады дейді. «Дәстүр бойынша хандық билік X-XIII ғғ. қыпшақтарда әкеден балаға емес, әкеден ініге не немере туысқа беріліп отырған. Жергілікті тайпалардың бұл дәстүрі XV ғасырда да өз жалғасын табады. Фазлаллах ибн Рузбехан өз еңбегінде «Керейден соң хандықта бірнеше адам болды, сосын кезек Бұрындық ханға тиді», – деп жазса, «Тарих-и Кипчакхани» еңбегінің авторы 1469-70 жылдары қазақ ханы Жәнібек деп көрсетеді», – деп өрбітті ғалым.

«Фатих нама», «Шайбани нама», «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар» жазбаларында Керейден соң Жәнібектің хан болғандығын айта отырып, бірақ оның қай жылы хандыққа келгенінен хабар бермейді. ««Керей он жылдай хан болса», онда Жәнібек хандық билікке шамамен 1465-1466 жылдары отырған», – деп топшылайды т.ғ.д. Б. Кәрібаев.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

Жәнібек ханның билігі 6-7 жылға созылады. Тарихқа сүйенсек, ол билік құрған тұста хандық тарихта үлкен маңызға ие бірнеше оқиға болады. Біріншісі, 1469 жылғы Әбілқайыр ханның Қазақ хандығына жасаған жорығы сәтсіз бітіп, ханның қайтыс болуымен аяқталады. Бұл

жағдай «көшпелі өзбектер» мемлекетінің толық күйреуінің басталуына алып келді. Екіншісіне Дешті Қыпшақта шибанилық әулет билігінің жойылуы жатады. Шибанилар әулетінің билігі өздігінен жойылмады, оны жояды. Жойғандардың ішінде Сібір хандығы, ноғай мырзалары, Алтын Орда хандығы, Хорезм хандығы және Жәнібек хан басқарған Қазақ хандығы болды. Жәнібек ханның атқарған тарихи рөлін осы жерден айқын байқаймыз. Кезінде Керей ханның айтқан «Сәтін салған күні батысқа – Түркістанға жол салуымыз керек», – деген өсиетін Жәнібек хан жүзеге асырады. Сондай-ақ, Жәнібек ханның еншісіне келген маңызды қадам – Қазақ хандығының билігін Дешті Қыпшақ аумағына толық тарата бастауы еді. 1470-1471 жылдары – Қазақ хандығының толық, тәуелсіз, жеке ел ретінде өмір сүре бастаған кезі еді.

ХАН ҰРПАҒЫ

Жәнібек ханның артында тоғыз ұлы қалады. Оның ішінде Жиренше, Махмұт, Қамбар, Әдік, Қасым секілді ұлдары XV ғасырдың соңы XVI ғасыр басындағы Қазақ хандығы тарихында үлкен рөл атқарады. XVI ғасырдың ортасы мен екінші жартысында саяси билік Жәнібек ханның Жәдік атты ұлы мен оның ұрпақтарының қолдарында болады. Қазақтың ханы болған Тәуекел, Есім, Жәңгір, Тәуке хандар – Жәнібек ханның ұрпақтары болып келеді.

Сөзтүйін. Жәнібек ханның өмірі мен тарихы ел тарихымен тікелей байланысты. Оның жеке тұлғалық шежіресін білу арқылы бүгінгі ұрпақ Қазақ тарихын терең біле түседі. Және де тарихта өшпестей атын қалдырған кемеңгер хан – Жәнібектің өмірі мен қайраткерлігі әрқашанда кейінгі ұрпаққа үлгі, өнеге болып қала бермек.

Жанар ЕЛЕШОВА



МҰСТАФА АҒАМА ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЖАТТЫҒУ ЖҮРГІЗЕМІН ДЕП СӨЗ БЕРДІМ



– Мұстафа Өзтүріктің шәкірті екеніңзді біліп жатырмыз. Танымал таэквондошының командасына қалайша тап болдыңыз?

– Алматыда жүргенде Марат деген досым «сен спортқа көбірек жақынсың», деп кунг-фу, каратэ үйренуге Төлеген деген жаттықтырушыға алып барды. Ол кезде бұл спорт түрлері бойынша жаттығу жасырын өтетін. Жасырын дайындықтар таудың арасында, жер төледе өтетін. 1990 жылы маусым айында Алматыға Мұстафа Өзтүрік келді. Ол Қазақ мемлекеттік циркінде таэквондо өнерін көрсетті. Танымал таэквондошының өнерін тамашалауға мен де бардым. Біздің жатахананың жанында Чайковский атындағы музыка училищесінде Мұстафа Өзтүрік мектебі ашылды. Ал қыркүйек айында оқуға келгенде достарыммен бірге сол мектепке жиналып бардық. Жаттығуды Асқар Абдрахманов деген ағамыз жүргізеді екен. Мұстафа ағамыз Қазақстанға келгенде екі адамға Қара белбеу берген еді. Біріншісі, Мұстафа Өзтүрік атындағы мектептің басшысы Асқар Абдрахманов, екіншісі, атақты қылқалам шебері, Қазақстан Таэквондо федерациясының бірінші президенті Бексейіт Түлкеев. Асқар ағамызға келіп жазылдық та, жаттығуға кірісіп кеттік. Асқар ағамыздың бұрыннан дайындап жүрген 7-8 шәкірттері бар екен, олар жеке дайындалып жүреді екен. Бірде жаттығу кезінде Асқар ағаға барып, «мына жігіттермен жекпе-жекке шықсам бола ма» дедім. Ұстаз олардың таэквондомен 1,5 жылдан бері айналысатынын айтты. Сонда да өзімді сынап көргім келді. Асқар аға салмағы 90 кг Альберт деген жігітті шақырып алды. Менің салмағым 58 кг. Оған жан-жақтан қарсыласыңды қатты ұрып жіберме деп айтып жатыр. Қарсыласым сол кезде менің 2 жыл кунгфумен, 1 жыл каратэмен айналысқанымды білмеді ғой. «Бастандар» деді. Сол сәтте көзілеспес жылдамдықпен қолмен беттен ұрып, секіріп аяқпен мойыннан теуіп жалп еткіздім. Жер сілкінгендей болып дүңк ете қалды. Ешкім түсінбей қалды, ол анау жерде сұлап жатыр. Екінші, үшінші ретте де дәл солай болды. Жекпе-жектен кейін менен «бұрын бұл спорт түрімен айналыстың ба?» деп сұрап жатыр. «Жоқ» деймін мен оларға. «Көркем-сурет училищесінің 1 курс студентімін» деймін. «Шұғаның жігітімін, Павлодардан келдім» деп қоямын. Сол жекпе-жектен кейін Асқар ағамыз Алматы қаласындағы Пионерлер сарайында таэквондашылардың жаттығатын негізгі орталық залының барын айтты. Жаттықтырушы мені Мұстафа ағамен таныстырамын деп, сонда келуімді сұрады. Мен әрине, келісімді бердім. Ал 1990 жылы мені Мұстафа Өзтүрік атындағы таэквондо мектебінің аға жаттықтырушысы етіп тағайындады. Бір күні Асқар аға Мұстафа ағамен таныстыр-



ды. Ол кісінің көзіне бірден түстім. Мұстафа аға атымды сұрады. Мен «Исатай» дедім. Мұстафа: «онда бүгіннен бастап Исахан боласың», – деді. Содан бері Исахан болып жүрмін. Ол кісі маған: «Саған бір тапсырмам бар. Жаттығуларыңды тек қазақ тілінде жүргізетін бол», – деді. Мен онымен келістім, жаттығуларымыз ана тілде өткізуге сөз бердім. Сол күннен бері жаттығуларды қазақ тілінде өткізіп жүргеніме 25 жыл болыпты.

– Өзіңіз жайында айтсаңыз, спортқа қалай келдіңіз?

– Менің туып-өскен жерім – Павлодар облысы, қазіргі Ақтоғай ауданы бұрынғы Коминтерн совхозының 3-ші бөлімшесі, Шұға деген кішкентай ауыл. Шұға ауылында «Жаңаталап» 8 жылдық мектебін 1982 жылы бітірдім. 1982-1985 жылдары Павлодар совхоз-техникумында мал дәрігері мамандығы бойынша білім алдым. Ал 1985-1987 жылдары әскер қатарында болдым. Мен суретші болуды жастайымнан арман еткенмін. Сол арманның жетегінде 1988 жылы Алматыға келдім. Қалаған оқуыма түсе алмадым. Бірақ мен Алматыда қалып, құрылыста жұмыс істеп жүрдім. 1989 жылы дайындық курсында білім алдым. 1990 жылы Н.В. Гоголь атындағы Алматы көркем-сурет училищесіне көркем безендірушінің оқуына түсіп, 1994 жылы көркем сурет училищесін тәмамдадым. 1999-2002 жылдары Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық университетінің сызу және көркем безендіру мамандығы бойынша білім алып шықтым. Ал кейін 2009-2011 жылдары Қазақ спорт және туризм Академиясында білімді шыңдадым.

Спорттық өмірім ауылдан басталған. Әкем Шотжан палуан болған кісі. Ол кісі мені еркін күреске үйретіп, баулыды. 6-сыныпта оқып жүргенде ауылдағы мектебімізде күрес үйірмесі ашылды. Еңбек пәнінен сабақ беретін Қуаныш деген ұстазым алғаш күрестің қырсырын үйретіп, шынықтырды. Мектепте зал болмайтын, бір кішкентай дене шынықтыру пәні өтетін бөлме ғана болатын. Үйден бір-бір матрастан құшақтап келіп, сол бөлмеге төсеп, үстіне палатка төсеп күресетінбіз.

Той-томалақтарда, техникумда оқып жүргенде және әскер қатарында болғанда да күресіп жүрдім.

– Мұстафа ағадан таэквондолық жекпе-жетен өзге не үйрендіңіз?

– Өмірде ұстазымнан көп нәрсе үйрендім. Мұстафа ұстазымды пір тұтам. Бірінші Алла, екінші осы ұстазымның арқасында мені бүкіл ел, дүниежүзі таныды.

– Мұстафа аға қандай жан еді. Оқырманды ол кісінің біз білмейтін қырлары мен сырларына қанық етсеңіз.

– Мұстафа тек қана спортшы емес, білікті журналист болатын. Жеті тілді меңгерген өте білімді, ұлтын сүйетін ұлтжанды, атамекенін, Қазақ халқын қатты жақсы көретін елінің адал ұлы еді. Кез келген қазақ азаматына сай үлкенді үлкен деп құрметтейтін, кішіні кішідей ізет ететін, баланы баладай қамқорлайтын, кез келген адаммен оңай тіл табыса кететін, өте қарапайым, инабатты, адамгершілігі мол, жат елде елін көрмей өссе де әр сөзін мақалдап, мәтелдеп сөйлейтін шешендігі де бар еді.

– Мұстафа Өзтүріктің қандай қасиеттерін бағалайсыз?

– Ол кісіні тілін, дінін ұмытпаған, елім деп өміренетін ер азамат десем еш қателеспеймін. Мұстафа ағаның осы сынды асыл қасиеттерін қатты бағалаймын. Ұстазымнан үйренгенімді сөзбен жеткізу мүмкін емес. Мұстафа ағамыз елім деп келгеннен кейін бе, бізге шәкіртке сияқты емес, бауыр ретінде қарағаны есімізде. Мұстафа ағамыз шәкірттерінің ішінде мені қатты жақсы көретін деп ойлаймын. «Исахан» деп ерекше еркелететіні жадыма қалыпты. Мұстафа ағамыздың тағы бір асыл қасиеті – ол шәкірттері болсын, басқа адам болсын, ешкімді бөле-жара алаламайтын. Өсек-аянды жаны сүймейтін, тек өзінің ұстанымына сай өмір сүрді.

– Жалпы Қазақстанда таэквондо қандай деңгейде дамуда? Өрісі мен өрлеуі қалай?

– Қазақстанда қазіргі таңда таэквондо жақсы дамуда. Еліміздің барлық қалаларында Таэквондо федерациясының клубтары, мектептері жұмыс жасайды. Бұл спорт түрі олимпиадалық спорт түрі болған соң, халықаралық конфедерацияға кіргеннен кейін таэквондоның даму қарқыны өте жоғары деп бағалаймын.

Мұстафа ағамыз туралы бір қызықты естелік айтып берейін. Мұстафа ағама қолым

Сізге спортпен шұғылдануға не кедергі?

Денсаулық үшін күрестің негізгі бағыты – салауатты өмір салтын қалыптастыру. Салауатты өмір салтын қалыптастырудың басты бір бағыты – спортпен шұғылдану. Көп қазақ үшін спортпен айналысу біз үшін ерекше ерлік сияқты. Спортпен шұғылдану, дене шынықтыру «ерлік» емес, өмір салты болу керек. Оның үстіне елімізде түрлі жаттықтыру залдары мен спорт мектептері жетерлік. Алайда біздің жастар спорт залдарға бару үшін ақша керек деп ақталады. Дегенмен, олардың спортпен шұғылдануына не кедергі екенін біліп көрелік.

Ақмарал Ерманат,
С.Торайғыров атындағы ПМУ студенті



Жүнісхан Дәурен,
С.Торайғыров атындағы ПМУ студенті

Бүгінгі күні жастарға, оның ішінде С.Торайғыров атындағы ПМУ студенттеріне спортпен айналысуға барынша жағдай жасалған. Дене тәрбиесі сабақтарынан бөлек, «Сұңқар» спорттық кешенінде спорттың қай түрінен десеңіз де үйірмелер жұмыс жасайды. Сол үйірмелерге баруға, спортпен айналысуға уақытымызды арнағымыз келмеген өзіміз кінәліміз. Өйткені, бала күнінен бойға сіңбеген, әдет болып қалыптаспаған.



Ғалымжан Көбір,
С.Торайғыров атындағы
ПМУ Студенттік
жасақтың командирі

Мен өз басым спортпен шұғылданғанды сүйемін. Спортқа әрдайым уақыт табамын. Уақытым сабаққа да, спортқа да жетеді. Еш қиналмаймын. Өйткені, менің қоғамдық жұмысым тікелей күш тәрбиесімен қатысты болғандықтан, спортпен айналысуды ұнатамын.

ти-мей, 1,5 айдан кейін хабарласып, кездестім. Аманда-сып жатып, «аға Сізді таба алмай қалдым ғой», дедім. Сонда аға тұрып: «Исахан сен мені қайда екенімді ұшқан құстан сұрасаң, менім қайда екенімді айтар еді», – деді. Содан кейін мен осылай айтпайтын болдым. Бірде Мұстафа аға Пионерлер сарайындағы үлкен спорт залға аяқ киімін шешіп кіріп келе жатыр екен. Сонда бір ағамыз: «Мүсеке аяғыңды шешпе», дейді. Ол кісі «Бұл жер қасиетті жер, сондықтан мұнда аяқ киіммен кіруге болмайды», дейді. «Білемін, бірақ аяқ киіміңді ұрлап кетеді ғой», дейді оған. «Неге уайымдайсың, ол менің аяқ киімім ғой», дейді. Сол кезде кеңестік өкімет тарап, елдің астаң-кестеңі шығып жатқан заман еді ғой.

– SMS+ газетіміздің жас оқырмандарына ақ тілегіңізді арнасаңыз.

– Оқырман жастарға айтарым, Мұстафа Өзтүрік ағамыз сияқты еліңді сүй, тіліңді, дініңді құрметте. Ағамыздың тағы бір айтқан сөзі: «Атақты болу оңай, адам болу қиын». Міне сондықтан, сіздер атақ-даңққа емес, еліңнің адал азаматы болуды мақсат етулеріңіз керек. Спортпен дос болыңыздар, спортпен айналысыңыздар. Өйткені, спорт – денсаулық кепілі. Ал еліміздің болашағы – жастардың денсаулығы мықты болғаны жақсы. Сіздерге ізгі ниетін білдірген Мұстафа Өзтүріктің сүйікті шәкірті, жерлестеріңіз Исахан деп біліңіздер.

– Тартымды да танымды әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен Жанар ӘБДІҚАЛИҚЫЗЫ



ДҮНИЕНІҢ КЕНДІТІНЕН НЕ ПАЙДА?!

> Соқпағы көп өмір көшіңнің соңы, ортасы емес, алдыңғы жолда жүру қалай? Ел естімеген, елге жетпеген сара жолды салу кез келгеннің қолынан келе бермес. Біз ғылымның, өнердің алғашқы баспалдығын салып кеткен тұлғалардың өмір тарихына үңіле бермейміз. Өзінің жеке басынан бұрын, халық қамын ойлаған жандарды ұмытпау бүгінгі біздің басты міндетіміз.

Қазақ боксының атасы атанған тұңғыш боксшы Шоқыр Бөлтекұлы және оның жары қазақтың мың бұралған бишісі, қазақтан шыққан тұңғыш балерина Нұрсұлу Тапалованың өмір тарихы трагедияға толы. Қазақ үшін барын берген тұлғалар бүгінде неге елеске айналып барады? Халық өзі өсіріп, неге өздері қипияларынан шығарып келеді? Нұрсұлу Елубайқызы Тапалова Ақтөбе облысы Ойыл ауданында дүниеге есігін ашқан. Бала күнінен би өнеріне ынтық болды. Болатын бала жанып тұрады, келешекте өз ізін қалдыратын адам қалың топтың арасынан жарқырап тұрары хақ. Бір кездері Ойыл ауданына Ахмет Жұбанов гастрольдік сапарға барып, 11 жасар кішкентай Нұрсұлудың дарынына куәгер болып, оған кәсіби білім алуға жол сілтеді. Н.Тапалова өз естелігінде: «Жеті жылдық мектепте оқып жүргенде көркемөнерпаздар үйірмесінен іріктеліп, он үш жасымда Абай атындағы академиялық опера және балет театры жанындағы би мектебіне түскен едім. Сонда Күләш Байсейітованың қамқорлығында жүріп, Шара апайдың да көмегін көп көрдім. А.Александров, Г.Уланова, Е.Лифанова, Ю.Ковалев сияқты өнер иелерінің де биші болып қалыптасуыма әсері тиді», — деп жазады.

Ол 24 жасында Қазақ ССР еңбек сіңірген әртісі деген атаққа ие болады. Қазақ сахнасының жарық жұлдызына айналып, бар өмірін биге арнай білді. Оның басты байлығы — Алланың берген өнері еді. Осы сезімнің дәлелі ретінде Болат Аюхановтың «Менің балетім» деген кітабында: «Нұрсұлу — бисіз

өмірін елестете алмайтын нәзік жан. Ол Галина Улановамен «Бақшасарай бұрқағында» Заремнің рөлін ойнады. Нұрсұлу Зареманы классикалық дайындықсыз биледі. Алайда оның Заремасы нағыз шығыстың аруы болып шықты! Оның биін көріп отырып биге елітіп кетпеу, ғажайып сұлу биіне қарай отырып, оның тартымды әсеріне ерекше бой алдырмау мүмкін емес. Нұрсұлу Тапалова дәстүрлі классикалық би өнерінің толып жатқан қым-қуыт қиындығын орасан зор ерекше күшімен жеңе білді. Ол қиындығы мол ерекше тәсілдерді бейнелер арқылы сомдап, олардың нәзік сезімдерін көрерменге айырықша жеткізе білді. Бұл биші нағыз ұлтының бағына жаралған», — деп жазды. Расында қазақтың маңдайына біткен дара қызға қызғана, қызыға қараған жандар көп болды. Жасынан өнерге деген өлердей махаббаты оны биік шыңдарға жетелегенмен, оның жанына зіл қара тас салған замандастары да кездесті. Сөйтіп балерина 1953 жылы театрмен қоштасып, Жамбыл атындағы филармонияға жұмысқа кіріп, ол жерде де өзінің би өнерінде тұғыры биік жан екенін дәлелдей білді.

Құдай қосқан қосағы қазақтан шыққан тұңғыш бокс өнерінің атасы Шоқыр Бөлтекұлы екеуі өз салаларының майталманы болса да ешқашан қарапайымдылықты жоғалтқан емес. Олар еш уақытта дүниенің кірі — алтынға, ақшаға, байлыққа қызыққан емес. Олар үшін ең бірінші орында тұрған өз кәсіптерінің шебері атану болды, олар тағдырдың сан тауқыметін бірге көріп, бірақ ешкімге тіс жармай кеткен.



Бүгінде Шоқыр Бөлтекұлы тәрбиелеген шәкірттері қазақ жерінің түпкір-түпкірінде жүр, спортта үнемі бірінші орынды алатын боксшылардың бәрі осы Шоқыр Бөлтекұлының арқасында деп білеміз. Өкініштісі балетте, бокста жүрген жас бишілер мен спортшыларымыз осы жандарды білмей жатады. Ал олар қазақ өнері мен спорты үшін өмірлерін сарп етті. Кезінде Бауыржан Момышұлының өзі: «Екі-ақ нағыз қазақ бар, бірі — мен, бірі — Шоқыр», — деген екен. Сонда Шоқыр атамызда кезінде барлық қағаздарға оvyты алып тастап, ұлы деп жаздырған екен. Осыдан-ақ Шоқыр атамыздың қандай болғанын білуге болады. Нар тұлғалы азаматты бүгін нәліктен тасада қалдырып жатыр? Шындығына келетін болсақ бір-екі жеңістен кейін кейбір спортшыларға үй беріп, барлық жағдай жасап, тіпті спортшылар мектебін де ашып жатыр. Нәліктен қазақ боксының атасы Шоқыр Бөлтекұлына арнап, бір көшенің атын беріп, немесе жарыстар өткізіп, мектеп атын бермеске? Мақтауға лайықты тұлға екені даусыз.

Түйін. Бір мәлеметтер бойынша Нұрсұлу Тапалова өмірінің соңғы жылдары ащы сумен дос болыпты деген сыбыс әңгімелер халық арасынан көп естиміз. Алайда, оның мұңын түсінген біреу болған жоқ. Оның өнерін өкінішке орай ешкім тірі кезінде қадірлеген жоқ. Біздің кемшілігімізде осында — өз халқымыздың нар қасқаларын өзіміз жылтытып, бақытсыз ететініміз. Сол себепті сара жолды салып кеткен дарындыларды ұмытпай, қастерлейік!

Назгүл РАБИЛОВА

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНА 70 ЖЫЛ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БАТЫРЛАРДЫҢ ДАҢҚЫ



1941-1945 жылы Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына 70 жыл толды. Бұл дүниежүзіндегі адамзаттың есінде қалатын сұм соғыс болды. Осы соғыста қаза тапқан адамдардың саны көп болды. Сол кездегі Кеңестік өкіметтің 20 миллиондай адамы қаза тапты. Қазақстанда да көптеген жауынгерлер жауға қарсы жан аямай шайқасты.

1941 жылы 22 маусымда фашистік Германия әскері КСРО-мен орнатқан келісімді бұзып, жария етпестен КСРО аумағына басып кірді. Ұлы Отан соғысы осылайша басталды. Гитлерлік Германия осыған дейін Еуропаның көптеген мемлекеттерін басып алған еді.

1940 жылдың орта кезінде-ақ Гитлер әскері КСРО-ға басып кірудің жоспарын жасауға кіріскен болатын. Бұл жоспар бойынша фашистік Германия әуедегі және соғыс теңіз күштері КСРО-ға бір мезгілде шабуыл жасап, 1941 жылдың күзінде бұл соғысты аяқтау тиіс еді. Сол жоспарға сәйкес Германия Кеңестік өкіметті 6 айда жаулап алуды көздеді. Олар бірнеше айдың ішінде Мәскеу түбіне жақындап қалды. Сол кездегі Кеңестік одақ халқының мақсаты — жанын берсе де, қалайда елін, жерін қорғап алу болды.

Соғыстың алғашқы кезеңінде 14 атқыштар және атты әскер дивизиясы, 6 бригада құрылып, майданға жіберілді. Қазақстандық 36 жеке атқыштар бригадасы 30-дан астам ұлттан құрылды. Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қырғызстаннан шақырылған жігіттерден 316-атқыштар дивизиясы құрылып, оның командирі генерал М. В. Панфилов болды. Армия қатарына 1196164 қазақстандық қосылып, әрбір бесінші адам майданға аттанды.

Қазақстандықтардың жауынгерлік даңқы, әсіресе, Мәскеу түбіндегі шайқаста шықты. 316 — атқыштар дивизиясына Мәскеуге апаратын негізгі өзекті жолдың бірі — Волоколамск тас жолын қорғау тапсырылды. Мұнда Бауыржан Момышұлы басқарған 1075 ұлан атқыштар полкі жау шабуылына ерлікпен тойтарыс берді. 28 танк жоюшылар тобы Дубосеково разьезінде жаудың 18 танкісін жойып жіберді. Кейіннен «28 панфиловшы» ерлігі аңызға айналды. Бәрі дерлік қаза тапты, бірақ жауды өткізбеді. Сондай-ақ Мәскеуді қорғау тарихында панфиловшылар дивизиясы бөлімдерінің саяси жетекшілері П. Вихров, М. Габдуллин, автоматшылар Т. Тоқтаров, Р. Амангелдиев мәңгі өшпес із қалдырды. 1941 жылы 17 қарашада оған 8-ші гвардиялық дивизия атағы беріліп, Қызыл Ту орденімен марапатталды. 1942 жылы бұл дивизия 30-гвар-

диялық дивизия болып қайта құрылды.

1941-1943 жылдары қаңтарда Ленинград шайқасы басталды. Қазақстандықтардың үштен бірі Ленинград түбінде шайқасты. 316-атқыштар дивизиясы (1941 ж. 9 қыркүйек) және 314-дивизия Ленинград облысының 22 елді мекенін азат етуге қатысты.

1942 жылы шілде — 1943 жылы ақпан күндерінде Сталинград шайқасы басталды. Сталинград майданын барлық жағынан Қазақстан қамтамасыз етті. Сталинградтың түбінде көптеген қазақстандықтар ерліктің небір тамаша үлгісін көрсетті. Жамбылдың ұлы Алғадай осы Сталинград түбінде ерлікпен қаза тапты. Г.Сафиулин, М.Баскаков сияқты азаматтардың басқарған әскери бөлімдері жауды талқандау барысында көп үлес қосты. Мысалы, М. Баскаков басқарған батареяның 43 зенитшісі трактор зауытын қорғап, жаудың 11 танкісін жойып жеберді. 36 зенитші қаза тапты, бірақ бір адам да шагінбеді. 1942 жылы 19 желтоқсанда қарағандылық ұшқыш Н. Әбдіров Боховская-Пономаревка ауданындағы әуе шайқасында ұшағын жау танкілері шоғырына құлатып, ерлікпен қаза тапты. 29 және 38-атқыштар дивизиясының жауынгерлері жауды Сталинградтың Киров ауданына енгізбей, танкі мен зеңбіректер жөндейтын зауыттың тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етті. 1943 жылы бұл дивизиялар 72 және 73-гвардиялық дивизияларға айналып, «Құрметті Сталинград дивизиясы» атағына ие болды. Сталинград түбінде қазақстандықтар К.Сатпаев пен А. Бельгин өздерінің ерлігі нәтижесінде Кеңестер Одағының батыры атағына ие болды.

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап қазақстандықтар барлық майданда шайқасты. Қазақстандық жауынгерлер сонымен қатар, Украинаны, Белоруссияны, Балтық бойын, Молдовияны азат етуге қатысты. Мыңдаған қазақ жігіттері Кеңес әскерінің құрамында Шығыс Еуропа халықтарын Гитлердің тепкісінен азат етуіне де атсалысты. Қазақтың қайсар ұлдары өз Отаны үшін фашистерге қарсы шығып, қасық қаны қалғанша беріспеді.

№25 ЖОББМ-нің 8 сынып оқушысы Адел Идрисова

КЕСЕНЕ БАСЫНДА КЕЛГЕН ОЙ



Павлодар қаласы №19 ЖОББМ-дегі «Мәшһүртану» факультатив курсы 2008-2009 оқу жылдарынан басталды. Бұндай істің бастаушысы болған мектебіміздің оқу ісінің меңгерушісі – Мұхаметжанова Сәуле Сартайқызымен мектептің «Жас журналистер» үйірмесінің мүшелері сұхбаттасты.

– Сәуле Сартайқызы, №19 жалпы білім беру мектебінде «Мәшһүртану» оқу курсы сіздің бастауыңызбен ашылды деп естіміз. Осы игі істі бастауға не түрткі болды? Біраз тоқталып өтсеңіз...

– 2008 жылы өз отбасымызбен Мәшһүр-Жүсіп кесенесіне барып, құрмалдық беріп, құран оқыттық. Сол кезде менде басқа сезім, бір ой пайда болды. Мәшһүр-Жүсіп шығармашылығын әдебиетшілер таныс болғанымен, оның шығармашылығы мектеп бағдарламасында енгізілмеген. Сондықтан ғұлама жерлесімізді балалар біле бермейді. Ақын шығармаларының тәрбиелік мәні зор, әрине, жүрек тазалығына, ой тазалығына, өз дінімізді қастерлеуге тәрбиелейді. Мұның барлығын біздің оқушыларымыз білсе екен деген ой келді маған. Мәшһүр атамыз көпке дейін жұртқа кеңінен танымал бола алмады. Біздің Павлодар облысы топырағында туып-өскен әулиені басқа жерде тіпті аз біледі. Егер өзіміз Мәшһүр-Жүсіп атамыздың туындылары мен философиясын кеңінен білсек, біздің оқушыларымыз білсе, жүрген жерлерінде оның кім болғанын айтып жүреді ғой. Өзіміздің Павлодар облысында туып-өскен, әулие, ғұлама тұлғаны келешек ұрпаққа таныту – біздің міндетіміз. Баянауылдағы атамыздың зиратынан үлкен оймен оралдым.

Мектепте «Мәшһүртану» курсы ашуды жөн деп білдім де, өз ойымды сол кездегі мектеп директоры Б.Ф.Суханхуловаға айттым. Менің бұл идеям ұжым тарапынан қолдау тапты да, «Мәшһүртану» факультатив курсын аштық. Факультатив курсын ашқанда мықты мамандар қажет екені белгілі. Бұл басталғаннан-ақ сабақты жүргізуге қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері Шөлбаева Қаламқас Байдуллақызы мен Әлкеева Гүлсия Саматқызын тарттым. Аталған мұғалімдердің курстың бағдарламасын жасап, ары қарай алып кетініне сенімді болдым. С.Торайғыров атындағы мемлекеттік университетінде ашылған «Мәшһүртану» ғылыми-практикалық орталығының жетекшісі Айтмұхамет Қасымбайұлы Тұрышевпен ақылдасып, бағдарламасы жасалып, сабақ кестесіне енгізілді.

– «Мәшһүртану» курсы мектебімізде қашаннан басталды және қай сыныптарда жүргізіледі? Қаламыздың басқа мектептерінде де осындай арнаулы курстар жүргізіле ме?

– Алғаш рет «Мәшһүртану» курсы 2008-2009 оқу жылы басталды. Міне, биыл бес жыл болады. Бұл курс 2-9 сыныптар аралығында жүргізіледі. Курс сабақ кестесіне енгізілген. Павлодар қаласында толықтай «Мәшһүртану» курсы біздің мектебімізде ғана жұмыс жасауда. Мен бұны мақтанышпен айта аламын.

– Байқауымызша, мектебімізде «Мәшһүртану» курсы басталғалы да бір бесжылдықта артқа тастаппыз. Содан бері осы бағытта қандай жұмыстар жүргізілуде?

– Факультатив курсы ашылғалы бері біз С.Торайғыров атындағы ПМУ «Мәшһүртану» ғылыми-тәжірибелік орталығының мамандарымен табысты жұмыс істеп келеміз. Сондай-ақ, мектебімізде «Мәшһүр-Жүсіп» атындағы ғылыми-этнографиялық мұражайын, Мәшһүртану кабинетін аштық. Ақын шығармалары жинақталып, мектебімізде хрестоматия, әдістемелік нұсқаулары жарық көрді.

– Кез келген жұмысты бастағаннан соң, әрине, оның жемісін көргіміз келетіні хақ. Бүгінгі күнде қандай жетістіктерге жеттіңіздер?

– Біздің балаларымыз қалалық, облыстық «Мәшһүр-Жүсіп оқула-

рына» қатысып, жүлделі орындарға ие болып жатыр. Әрине, мұның бәрі де көңілімізге қуаныш ұялатады.

– Сәуле Сартайқызы, сізге тағы бір сұрақ қоюды жөн көріп отырмыз. Сіздің қазіргі кезде «Мәшһүртану» курсы бағытында жүргізіліп жатқан істерге көңіліңіз тола ма?

– Көңілім толады. Қолымыздан келгенше Мәшһүр Жүсіп атаның шығармашылығын оқытуды одан ары дамытқымыз келеді. Оның ұрпағына айтар бізге беймәлім өсиеттері мен құнды мұралары көп. Бірақ, кейде, көп нәрсе қаражатқа, біздің жағдайымызға байланысты болады ғой.

– Алдағы уақытта Мәшһүртану бағытына қандай өзгерістер енгізгіңіз келеді? Сіздің бастаған ісіңіз ары қарай жалғасын таба ала ма?

– Әрине, таба алады. Өйткені өзіміздің оқу шаңырағымызда ғұлама, әулиені насихаттау әлі іске аса бермек. Факультатив курсының бағдарламалары 5-6 сыныптарға лайықталып жасалған. Кейін барлық сыныптарға арналған бағдарламалар да шығарылды. Мектебімізден әрбір сыныпқа арналған оқулық, хрестоматиялар жарық көрсе екен деген ойым бар. Бұл алдағы күннің еншісіндегі жоспарлар да іске асатынына сенемін.

– Сәуле Сартайқызы, сіздің игі бастамаларыңызға сәттілік тілейміз. Мәшһүр-Жүсіп әруағы сізді әрқашан қолдай жүрсін! Тағылымды сұхбатыңызға рахмет.

Сұхбатты жүргізгендер:
жас журналистер
Бектурганова Самал,
Жангирова Гүлзада

ТАҒЫМ

Мәшһүр мәңгі

Өткен күннің ерімейтін белгісі,
Танымынан тауға ұқсайтын
кең мүсін,
Желтоқсанның сары аязы қақтаған,
Жоғалмайтын, жаурамайтын
жел-құсым.

Баянауыл ойы – жайлау, басы – мұң,
Қайран қазақ, достары аз, қасы мың,
Баянтаудың кеудесінде күмісім,
Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп асылым.

Сен толтырдың алты Алаштың сөз қабын.
Бауырынан бояу алған боздағым,
Заманынан, амалынан озғаным
Нені айтсаң да қазақ жайын қозғадың.

Қалам болды, қағаз болды құралың,
Қуғын көрдің, қиындыққа шыдадың.
Нені айтсаң да, не істесең де пырағым,
Кеткен күннен ел есесін сұрадың.

Қарлы аязға, кәрпі оязға тоңбадың,
Іздедің сен алты Алаштың арманын.
Елсіз қалған, жерсіз қалған қазақты,
Қарлығаштай қанатыңмен қорғадың.

Сенің даусың жылдар үзбес жаңғырық,
Айта берер кейінгі ұрпақ ән қылып.
Керекуге кімдер келіп кетпеген,
Тек Мәшекең, Мәшһүр-Жүсіп мәңгілік!

Тынымхан Ақжол,
№19 ЖОББМ 11-сынып оқушысы

Керекуге келдің бе?!

Керекуге келдің бе?
Ертіс бойын көрдің бе?
Мәшһүр ата мешіті
Ақырындап ендің бе?

Баянға жол түсті ме?
Жасыбай көлін көрдің бе?
Мәшһүр жүрген мекеннен
Бұлақтан су іштің бе?

Баянтауға тандандың,
Жанарларың жанған күн.
Ата жатқан Ескелді
Қандай сырды аңғардың?

Мәшһүр ата кітабын,
Қолдарыңа алдың ба?
Қабат-қабат көп тарих,
Оқыдың ба, талдың ба?!

Кереге болып келіп ең,
Басқұр болып қайттың ба?
Көрермен болып келіп ең,
Мәшһүр болып қайттың ба?

Әлі өсерсің, өнерсің,
Іздемесең, не берсін,
Қазақ көргің келсе егер,
Ескелдіге келерсің...

Төлеутай Айгүл,
№19 ЖОББМ
11-сынып оқушысы





**Бүгінгі «О, Поэзия»
айдарының қонағы
Успен ауданы,
Қоңырөзек ауылы,
Павлов жалпы
орта мектебінің
II-сынып
оқушысы
Үдербаева Зүлфия
Юсупқызы.**

Махамбет

Қос батырым – қос қыран,
Исатай мен Махамбет.
Есімдері мәңгілік,
Ел аузында жатталған.
Өрі ақын, әрі шешен,
Өділікті ту еткен.
Жырымен де, күшімен де,
Жауға қарсы күрескен
Батыр ата – Махамбет,
Артында қалды мол мұра,
Отаншылдыққа үйреткен.

Отан

Отаным – салар әнім, айтар жырым,
Сәби кезден жүрегімде ұялады.
Отансыз адам – ормансыз бұлбұл деген
Отансыз қалай өмір сүре аламын?!

Ол маған бақыт берген, шаттық берген,
Отан деп білімге мен үңілемін.
«Отан!», «Отан!» – деп соққан жүрегімнің
Үнімен өмір сүріп келемін мен.

Қазақстан

Отаным менің – Қазақстан
Даңқымен бар әлемді таңырқатқан.
Елбасым – мақтанышым, ел тірегі
Туған халқын жер жаһанға танытқан.

Мен – бақытты ұрпақпын!
Дәл осындай елде туған.

Мәңгі бақи жасай берсін,
Даңқың көкке аса берсін
Мақтанышым, туған елім,
Күн сәулесі – Қазақстан!

Махамбет поэзиясы

Тәуелсіздік жолында аямаған,
Өмірін де, өнерін елі үшін,
Патриоттық сезімі ұялаған
Оқағанда жырларын ер ақынның.

Мәңгілік ғасырларға ұластырды,
Ұлы ақын мұрасын ұрпақтары.
Сүйіп оқып жырларын, әнін айтып,
Күйін тартса жырына жыр қосады.

Ана тілім

Ана тілім – анам тілі,
Ақ сүтімен бойымызға дарыған.
Ана тілім – бабам тілі,
Мұра етіп ұрпағына қалдырған.
Ана тілім – мақтанышым,
Ана тілім – бай тілім.
Жеткіземін тек сенімен
Жүрегімнің бар сырын...
Тілімменен өмір сүрем,
Тілімменен ер жетем!
Өз тілімде білім алып,
Тілім үшін күресем!

Ана

Аналар – асыл жандар, ару жандар,
Биязы сөздерімен жаулап алар.
Ананың сөзін ұғып, өзін ұғып,
Ақ сүтін ақтай білгін, балдырғандар.

Көзінді ашып, көргенің ана болар,
Дүниеге келгенде адам танып.
Анаға табынбайтын жан жоқ шығар,
Қаншалық кетседегі білімі асып.

Мектебім

Тұр ғой ауыл ортасында
Мектебіміз – асқар Тау.
Анаға да, атаға,
Үлкенге де, кішіге,
Қамқор болған ақ отау.
Қасиетті шаңырақ,
Киелі менің мектебім.
Ауыл түгіл ауданның,
Көркі болған мектебім!
Мақтанышым, намысым!
Жасай бер мәңгі мектебім!

Ақтық сапар

«Жас кезінде бейнет, қартайғанда зейнет бер» дегендей адамның жастық кезі күреспен өтеді. Ал қартайғанда адам тыныштықты бір тұрақтылықты қалап тұратын секілді. Ауруханада жалғыз жатқан қарттың бетіндегі қатпар-қатпар әжімдер кешегі жастық шағындағы күндердің айғағы, болашағы үшін тірнектеп жинаған еңбегін бейнелеп тұрғандай. Өмір мен өлімнің бел ортасында тұрса да ризашылығымен өкініші де бар секілді, жастарға қарап «менде сендердей болдым, барлығы бір орында тұрмайды» деген бейнелерді тілсіз әжімдері айтып тұрғандай. Толғанған қарттың ойы келмеске кеткен достарында болды. Өмірдің өзі бар достардың қатарын сиретіп, көпшілігін қара жер қойнауына шығарып салды. 80 жастан асып, 85 жасқа жол тартқанда доссыз қалғанын түсініп, баяғы өмірін аңсап, шырылдап өмірге «жалғыз келдің, жалғыз кетесің» деп күрсінді.

Бір кезеңдегі әр түрлі тағдырлар

Адамдардың көбісі алданған сол себепті басқаға сенімсіздік көрсетеді. Екіншісі бақытсыз болғандықтан өзгені бақытсыз етеді. Бірі шетелде тұруды арман етсе, екіншісі өмір мен өлім аузында жүреді. Оның бір ғана үміті жаратқанның берген нұры. Біреу тірнектеп дүние жинап күн кешеді, ал басқасы жоқ деген сөзді білмейді. Өйткені түсінік жоқ. Барлық адамдардың қателігі – адам адамды түсінбеуінде. Бір қоғам болса да неше түрлі сұрақтар, сан түрлі тағдырлар.

Уақыт – ұлы емші

Уақыт – ұлы емші екен! Өмірдің кейбір ащы тұстары бітпейтін көрінеді. Алайда, жылдар сала бергенде кешегі қиындықтар өзіне күн шашып тұратын секілді. Кешегі зіл қара тастай батқан жара бүгін жазылды. Адам көп сабақ алып, енді басқаша күн кешуге бел буды. Ойланып тұрып, құбылыстарға қарап, табиғат емес адам екен ғой өзгерген дейміз.

Назгүл
РАБИЛОВА



Тағзым

(Әулие Ырғызбай атаға арнау)

Жетсем деп болашақта арманыма,
Қараймын тәтті үмітпен алдағыға.
Басымды иіп тұрып сыйынамын,
Әулие Ырғыз Ата аруағына.

Жаспын ғой, жанарымда толған нұр бар,
Ақ құстай көк аспанда самғағым бар.
Мендей боп білсін Ата қасиетін,
Бүгінгі жас жеткіншек ұл мен қыздар.

Көз жасын сүрткен Ата жылағанның,
Сүйеген қолтығынан құлағанның.
Сипаттап бере алмайды ешбір адам,
Тілі жетпес тылсымдарын ұлы адамның.

Ол барға қанағат деп несіп етті,
Ол жеңді қайғы менен қасіретті.
Жаны мен жүрегімен қасиетті,
Ұрпаққа айтып кетті өсиетті.

Береді жақсы адамға күнде бата,
Тәу етер қалса кімде қапа.
Тек қана қазақ емес, барша халық.
Аруағын әлпештейді Ырғыз ата.

О, менің Ырғыз Атам, ұлы әулием,
Бар адам сүйер сені жүрегімен
Бір Алла, Пайғамбарға және Сізге,
Сыйынып әр күн жүремін мен!

Нұрсұлу Маратқызы,
Шәкәрім атыдағы Се-
мей мемлекеттік
университетінің III-курс
студенті, С.Торайғыров
атындағы ПМУ-да
академиялық ұтқырлық
бағдарламасы аясында
білім алуда



Таңғажайып Испания

Бұлтсыз ашық аспан мен таза ауа, шуақты күннің көзі, Атлант мұхитының және Жерорта теңізінің жағажайлары, көңіл-күйді көтеретін әсем ән мен жалынды фламенко, сан алуан тағам түрлері бұның барлығы Испанияның әсем бейнесіндей.

Испания Еуропаның Оңтүстік батысында орналасқан мемлекет. Испания Корольдігі 1469 жылы құрылды. Ел астанасы Мадрид қаласы. Территориялық құрылымы жағынан әлемде 50-ші орын алады. Испанияның ең ірі қалаларына: Мадрид, Барселона, Валенсия, Севилья қалалары жатады. Әкімшілік құрылысы жағынан Испания 17 автономиялық аймаққа және 15 провинцияға бөлінеді.

Еуропаның мәдени қалаларының бірі Мадрид еуропадағы қалалар арасында үлкендігі жағынан үшінші орын алады. Испания елінде Барселона үлкендігінен екінші орын алады және Жерорта теңізімен шектеседі. Валенсия – Испанияның туризмі дамыған қалаларының бірі. Қала Испанияның шығысында, Турия өзенінің төменгі ағысында орналасқан.

Испания туризмі

Испанияның әрбір қаласы тарихи мәнге ие. Астанасы Мадрид қаласында Король сарайы, София патшайымның мұражайымен қатар, әлемге танымал мұражайларының бірі – Прадо мұражайы бар.

Жерорта теңізінің батысында Балеарлық архипелаг созылып жатыр. Жан-жағын қоршаған тауларда өсімдіктердің көптеген түрлері кездеседі. Балеарлық архипелагінің демалыс мекендерінде Майорка аралы бар. Арал – Испанияның ең керемет демалыс орынының бірі болып табылады. Климаты жазда өте ыстық, ал қыста жеңіл климатымен ерекшеленеді. Майорка аралының астанасы Пальма де Майорка қаласы.

Ибица аралы – клубтық әндерді, билерді ұнататын жалынды жастарға арналған демалыс орны. Бұл курорттық зонада өмір түнгі уақытта, түнгі клубтар ашылғаннан бастау алады. Клубтық маусым Ибицада маусым айының ортасынан басталып, қыркүйектің соңына дейін жалғасын табады.

Канарлық арал – Канарлық аралдар жылына он екі ай қызмет көрсететін Испанияның демалыс орны.

Мұнда жылдың барлық мезгілдерінде келіп демалуға болады.

Тенерифе аралында климат бір қалыптылығымен ерекшеленеді. Бұл аралдың оңтүстігінде әрдайым ыстық болса, ал солтүстігінде дымқыл климатымен танымал. Тенерифе жағалауында әр түрлі реңктегі құмдар мен алтын түстен бастап қара вулканды құмдарды байқауға болады. Тенерифе курорттарына Лос Кристианос, Плауэрто де ла Крус, Эль Медано, Плайя Парайсо демалыс мекендері кіреді.

Гран Канария шағын арал болғандықтан оны бір күнде аралап өтуге болады. Тропикалық климат сақталған бұл жерде маусым, шілде, тамыз айларында ауа райы +30С жетіуі мүмкін. Ал Ла Пальма аралында Испаниядағы ең үлкен көбелектер және экзотикалық құстарға толы саябақтар бар.

Мәңгілік мереке елі

Испания елінде мәңгілік мерекелік атмосфера сезіледі. Таңғажайып елде сізді жалынды фламенко биі, коррида және көптеген қызыққа толы әлем күтеді.

Фламенко фестивалі – Испанияның Кадис, Херес, Севилья, Кордова, Гранада, Барселона және Мадрид қалаларында өткізіледі. Бұл қалалардың өзіне тән музыкалық ерекшелігі мен дәстүрлері бар. Бүгінгі таңдағы заманға сай хореографтардың «Фламенко» биіне сұранысы зор болғандықтан, халықтың да аса қызығушылығына ие. Себебі, бидің бұл түрі хореографияға



футболдан өткен Еуропа чемпионатында Испания футбол құрамасы мен Германия футбол құрамасы финалдық кездесуінде 1:0 есебімен Испания футбол құрамасы жеңіс тұғырынан көрінген болатын. Гол авторы испандық Фернандо Торрес. 2000-шы жылдары Испания құрамасы түрлі спорттық бәсекелерде, мысалы, Әлем Чемпионаты мен Еуропа Чемпионаттарының барлық спорт түрлерінен, футболдан, баскетболдан, роликтік хоккейден гандбол, волейболдан және теннистен өткен Дэвис Кубогінің иегерлері.



Испания халқы қонақжай. Кешкі уақытта достарымен бірге қаланың әдемі көшелерінде серуендеп, кафе немесе мейрамханаларға кіруге болады. Ал өз айналана көңіл бөліп қарасаң, жан-жақта апельсин ағаштары, қаланың әр бұрышында әуезді ән орындалады. Таңдау түскен қалаға демалуға келген әр қонақ өздерін жайлы сезіну үшін барлық жағдай жасалған. Испанияда 1700-ге жуық жағажай бар. Бұл ел әлемге танымал қонақ үйлерімен де даңқы шыққан. Испанияның әр аймағына саяхат жасаудың өзіне тән ерекшеліктері бар. Испанияда керемет атмосфера сезіледі, ұмытталмайтын демалуға болады.

Дайындаған Назгул ОСПАНОВА



ШЕШЕНДІК СӨЗ

АДАМ БАЛАСЫ КЕРУЕН...

Қорқыт атаның нақыл сөздері

*Ұл ақылды хош көрмес – ата үлгісін көрмесе, Қыз жарытып ас бермес – ана үлгісін көрмесе.

*Өлгендер қайтып келмейді, шыққан жан қайтып енбейді.

*Қанша қалың жауғанмен, қар көктемде қалмайды. Гүл жайнаған шалғын да, қара күзге қалмайды.

*Топырақ тау болмайды.

*Ұлдың күні күн емес – атадан мал қалмаса, Ата малы пұл емес – баста ақыл болмаса.

*Қанша байлық жисаң да – бұйырғаннан артық жей алмайсың.

*Тәккапарлықты тәңір сүймес.

*Ат жемейтін ащы шөптің – шыққанынан шықпағаны игі.

Адам ішпес ащы судың – аққанынан ақпағаны игі, Атасының атын шығармаған жігерсіз ұлдың – туғанынан тұмағаны игі.

*Сауыттың қасиеті қылышпен ұрғанда, аттың қасиеті жаудан алып шыққанда көрінер.

*Адам баласы керуен сияқты: тоқтады, көшті де кетті.

Дайындаған Мәдениет СҮЛЕЙМЕНОВ



МЕНШІК ИЕСІ:
С.Торайғыров
атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Редактор:
Жанар Елешова
Дизайнер: Н. Яницкая
Тілшілер: А. Тилей, Ә. Абетжанова, Н. Рабилова, Ұ. Төлеу, А. Ермат, М. Сүлейменов.

Ақылдастар алқасы:
Қ. Алдабергенов, Ж. Бижан, А. Тойшыбайұлы, А. Эсеналиева.

Редакция мекен-жайы:
Павлодар қ., Ломов көшесі, 64, каб.427-А, тел.673648

• ГАЗЕТ Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке алынып (04.12.2008), ол туралы №9722-Г күәлігі берілген.
• ГАЗЕТ бетіндегі автордың мақалалары, хаттары редакцияның көзқарасын білдірмейді

• ГАЗЕТ Павлодар облыстық «Баспасөз үйі» ЖШС баспаханасында басылды. Павлодар қ., Ленин к., 143 үй, тел. 61-80-26
• ГАЗЕТ айына бір рет шығады, таралымы 500 дана. Тапсырыс № 159